

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттілік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17 тармағының 1) тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <жұмыстардың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді: > (қажет болған жағдайда енгізіледі)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <жұмыстардың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) жұмыстарын сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда > _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Сатып алынатын жұмыстың тізбесі мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 1 және 2-қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> теңге тиынды (теңге тиын) (егер

Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі – Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға теңге тиын (теңге тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, <және теңге тиын (теңге тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқада төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындары кіреді

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші мынадай тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жұмыс нәтижесін түпкілікті тапсырғаннан кейін Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны, Жеткізуші бейрезидент болса, инвойсты) берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 14-бөлімінде немесе Шарттың 10.1-тармағында көзделген хабарламада көрсетілген деректемелер бойынша.

Төлем шоты (шот-фактура, Жеткізуші бейрезидент болса, инвойс) орындалған жұмыс актісіне (бұдан әрі – Акті) Тараптардың екеуі де қол қойғаннан кейін беріледі.

Қағаз тасымалдағыштағы төлем шоты (шот-фактура, Жеткізуші бейрезидент болып табылса, орыс немесе ағылшын тілдеріндегі инвойс) Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының (бейрезиденттер үшін Жеткізуші елінің) салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу

күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі күнтізбелік 5 (бес) күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің орындаған Жұмыстарын Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;
- 3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап Жеткізушіге Шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді;
- 5) Тапсырыс берушінің Жеткізуші салған ақшалай кепілдік жарнаны Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік емес құқықтық және өзге актілерінде көзделмеген мақсаттарға пайдалануына жол берілмейді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;
- 2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;

- 4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімінің кезеңінде кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар, толықтырулар (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама жолдай отырып, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмысты қабылдаудан толық немесе ішінара бас тартуға және Актіге қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Шартты кез келген қадамда Шартта қарастырылған жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 8) Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта көзделген мерзімдегі және тәртіптегі негіздер бойынша төлемеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға.
- 9) Шарттың 2.2-тармағында көрсетілген қағаз тасымалдауыштағы немесе электронды түрдегі құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда, Жеткізушіге себептерін көрсете отырып, қағаз тасымалдауыштағы құжаттарды қайтаруға немесе электронды құжатты қабылдамайтыны туралы хат жолдауға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;
- 2) Тапсырыс берушінің қарауына Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмыстарды Акті негізінде беруге;
- 4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардан ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні, ал кепілдік мерзімі кезеңінде – Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Шарттың қолданыс мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келсімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін

толығымен және ішінара басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) Тараптардың Шартқа қол қойған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың Жалпы сомасының 3 (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндеттенеді.

11) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің тиынмен есептелетін сомасы дөңгелектенеді. 50 (елу) тиыннан аз сома нөлге дейін, ал 50 (елу) тиын немесе одан көп сома 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

12) Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда салынған ақшалай кепілдік жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттерге баруына жол берілмейді.

13) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетел азаматтары мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын):

Жұмысты орындауға тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын көрсете отырып, жабдықтар мен құрал-саймандарын алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей отырып, атауын, маркасын, түрі мен санын және оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсете отырып, қызметтік есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымалды компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдаушыларын (флеш-дискілерді, CD, DVD дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатқыл дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз ұялы телефондарды (Wi-Fi, Wi-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, көлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады) хат жіберуге;

14) Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кірген кезде жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге және (кірген/шыққан кезде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге (уақытша рұқсат қағазы бойынша рұқсат берілген жағдайда, ғимаратқа кірген кезде оны өткізу бюросына көрсетуге);

15) бақылау-өткізу пунктінің (бұдан әрі – БӨП) көлік шлюзі арқылы жіберілетін көлік құралдарындағы тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, көлік құралдарының тіркеу құжаттарын, құндылықтарға ілеспе құжаттарын көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға;

16) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды с ақтауға:

атыс, суық қару, басқа қарулар және оқ-дәрілер;

адам ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға, не ағзаның органдары мен жүйелерінің функцияларын алмастыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда, жеке көзбен шолып бақылау құралдары, бейне -, кино- және фотоаппаратуралар, жазу құрылғыларын, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдауыштарды (флеш-карталар, USB-дискілер және басқалар), мобильді байланыс

құралдарын, сондай-ақ оларға керек-жарақтарды, жеке электрондық техниканы, радиотехникалық және басқа да аппаратураларды;
деректерді беру, сондай-ақ халықаралық ғаламдық желілерге және Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және басқалары) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғыларды, оның ішінде сымсыз құрылғыларды;

уландырғыш заттар мен күшті әсер ететін улы заттар;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттар;

радиоактивті заттар;

психотроптық заттар, жарылғыш заттар, жарғыш құрылғылар, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттар;

алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарын, тез тұтанатын сұйықтықтарды (өндірістік мақсаттарда қажет заттарды қоспағанда);

17) Жұмысты орындау басталғанға дейін Жұмысты орындауға тартылған қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамадан және жұмыс орнында нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;

18) Жұмысты орындау кезінде Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғағандарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

19) Жұмысты орындау басталғанға дейін Жұмысты орындауға тартылған қызметкерлердің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;

20) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

21) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс беруші белгілеген режимдік талаптарды орындауға;

22) Жұмысты орындау басталғанға дейін Жеткізуші, қосалқы мердігер қызметкерлерінің Жұмысты орындау кезінде алған конфиденциалды ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жарияламау туралы міндеттемеге қол қоюларын қамтамасыз етуге;

23) Жұмысты орындау кезінде және ақауларды, соның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде анықталғандарды жойған кезде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да халықаралық (қазақстандық) стандарттарға, талаптарға, нормаларға, қағидаларға, Қазақстан Республикасының заңнамасына жауап беретін автокөлікті, жаңа, пайдаланылмаған және тиісті (жоғары) сападағы жабдықты, материалдарды, конструкцияларды, түйіндер мен тетіктерді пайдалануға. Жабдық, автокөлік, сапалы материалдар, құрылымдар, тораптар мен тетіктерді берумен байланысты барлық шығынды Жеткізуші өзіне алады;

24) Жұмыс көлемінің Шартта ескерілмеген қосымша түрлері мен көлемі пайда болған жағдайда олар туралы келісу және Шарттың жалпы сомасының шегінде орындау үшін бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша және уақтылы хабарлауға;

25) Шарт бұзылған жағдайда, Өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісіне оны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

26) Жұмысты орындау кезінде Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыптылықпен қарауға;

27) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін болмауы салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Тапсырыс берушіге бұл туралы жазбаша хабарлауға, Шарт талаптарына сәйкес шығындарды толық көлемде өтеуге және тұрақсыздық айыбын төлеуге;

28) Жұмысты орындау уақытында Жеткізушінің кінәсінен үшінші тұлғаларға залал келтіру не қателіктер жіберу себебінен олардың Тапсырыс берушіге қоятын талаптары мен

шағымдарынан Тапсырыс берушіні қорғауға;

29) білімі мен барлық мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, жұмысты бақылауға және бағыттауға. Жеткізуші Жұмысты орындау құралдарына, әдістеріне, техникасына, кезектілігіне және сапасына, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстардың үйлестірілуіне толық жауапкершілік алады;

30) Жұмысты орындау үшін Жеткізушіге тапсырылған Тапсырыс беруші жабдықтарының, материалдарының, құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге. Материалдарды, құжаттарды және жабдықтардың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда жөндеуге (қалпына келтіруге) және жөндеу (қалпына келтіру) кезінде амалсыз тоқтап тұруға кеткен барлық шығынды жөндеу (қалпына келтіру) мерзімі ішінде (жіберіп алған пайда үшін де) өтеуге;

31) Жұмысты орындау кезеңінде Жұмысты орындау жөніндегі қызметті үйлестіру үшін байланыстырушы тұлғаны белгілеуге;

32) Жұмысты орындаумен байланысты техникалық мәселелерді шешу жөнінде практикалық көмек көрсетуге;

33) Тапсырыс берушінің Жұмысты орындау үшін бөлінген аумағында және/немесе үйжайларында қосалқы мердігерлер болған жағдайда, олармен өзінің жұмыстарын өз бетімен үйлестіруге;

34) егер Тапсырыс беруші себебін көрсете отырып, Жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Жұмысты орындаудан шеттету туралы өтінген жағдайда, 72 сағат ішінде шеттетуге, бұдан кейін аталған тұлғаның Шарт бойынша Жұмысты орындаумен еш байланысы болмауы тиіс;

35) Жеткізуші жеткізетін бүкіл материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, көлікпен тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауапкершілік алуға. Жеткізу тек қана Жеткізушінің атына жүргізіледі. Қандай жағдай болмасын Тапсырыс беруші жеткізуге, өңдеуге, сақтауға байланысты шығындар мен көлік құралдарының бос тұрып қалған уақытын төлеумен байланысты шығындарға жауапкершілік алмайды. Ешқандай жеткізулер Тапсырыс берушінің атына жолданбайды;

36) Жеткізушінің кінәсінен Жұмысты орындау кезінде Тапсырыс берушінің жабдығы істен шыққан, сынған жағдайда Тапсырыс беруші белгілеген мерзім ішінде жабдықтың жұмыс қабілеттілігін өз есебінен қалпына келтіруге;

37) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға;

38) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы жазбаша ақпарат ұсынуға;

39) жұмысты орындар алдында басқару шкафтарына орнатылатын модульдерге Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 879 шешімімен бекітілген «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентіне (ТР ТС 020/2011) сәйкес сертификаттың (декларацияның) көшірмесін ұсынуға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге Жұмыстың жалпы көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

- 4) Шарт талаптарына сәйкес орындалған Жұмыс үшін уақтылы ақы төлеуді талап етуге;
- 5) Жұмысты орындау кезінде өндірістік қажеттілік жағдайында мереке, демалыс күндері, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта да жұмыс істеуге құқылы.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

- 4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі – күнтізбелік 180 (бір жүз сексен) күн. Жұмысты орындау мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастап белгіленеді
- 4.2. Жұмыстар Жеткізушімен келесі мекенжайы бойынша орындалады: Алматы қ., Райымбек даңғылы, №511 үй
- 4.3. Орындалған Жұмысты тексеру және қызметкерге орнатылған Жүйені пайдалану және оған қызмет көрсету қағидаларын таныстыру күнтізбелік 5 (бес) күнді құрайды.
- 4.4. Актіге қол қою – 5 (бес) күнтізбелік күн.
- 4.5. Жұмысты орындау және нәтижесін қабылдау-тапсыру жұмыс күндері сағат 09.00-ден сағат 17.00-ге дейін Тапсырыс берушінің орналасқан Алматы қ., Райымбек даңғылы, №511 үй мекенжайы бойынша жүргізіледі.

5. КЕПІЛДІКТЕР

- 5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.
- 5.2. *Орындалған Жұмыстардан кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы оларды анықтаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде жазбаша нысанда хабарлайды, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.*
- 5.3. *Орындалған Жұмыстардың кепілдік мерзімі Тараптар орындалған жұмыс Актісіне қол қойған күннен бастап 12 (он екі) айды құрайды.*
- 5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.
- 5.5. Ақауы жойылған Жұмысқа кепілдік мерзімі ақауды жоюға кеткен уақыт мерзіміне ұзартылады. Бұл ретте ұзарту мерзімін ескере отырып, кепілдік мерзімінің аяқталу күні Тараптар қол қойған ақауларды жою актісінде көрсетіледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – Жұмыстарды орындау күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімін, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде бұзған жағдайда – ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Орындалған Жұмыстардан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартқан жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;
- Жеткізуші кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерге тең келетін Тапсырыс берушінің Шарт бойынша төлеген сомасын қайтарады.

6.4. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізушінің Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсыну фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1 % (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпарат ұсынады.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), соның ішінде кепілдік мерзімі ішінде төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнді құрайды.

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде енгізбеген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық енгізілмеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді).

6.11. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген немесе оны уақтылы енгізбеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

6.12. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап

етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3 Тапсырыс беруші мына жағдайларда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзушылықтар анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылғанда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда

біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) қосымшалары Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<тапсырыс берушінің толық атауы >
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы >
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы >
<Тапсырыс беруші нің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні >
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – аты-жөні.

Портал закупок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице *<должность и ФИО подписанта заказчика>*, действующего (-ей) на основании *<правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>*, с одной стороны, и *<полное наименование поставщика>*, являющееся (-ийся) *<признак резидентства поставщика>*, действующее(-ий) на основании *<лицензия, разрешительный документ>*, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице *<должность и ФИО подписанта поставщика>*, действующего (-ей) на основании *<правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>*, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок работ *<наименование работ>* способом тендера *<дата утверждения протокола>*, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

< (В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование: > (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

